

А. Маулет¹ , А. Тойшанұлы² , А. Алимбаев^{*3} 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Халықаралық Түркі академиясы, Астана, Қазақстан

³А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

(E-mail: mr.ardabi@mail.ru; akedil8@mail.ru; *aslan_alimbaev@mail.ru)

Бата беру салтының кейбір фольклорлық-музыкалық жанрларға ортақ сипаттары

Аңдатпа. Зерттеуде «бата беру» дәстүрінің мәтіндік және орындаушылық ерекшеліктері «беташар», «жарапазан» сияқты фольклорлық-музыкалық кейбір жанрларда ортақ көрініс табатыны анықталды. Көне түркі заманынан бүгінге ұласқан бұл жанрлардың шығу төркіні, қалыптасу кезеңі, поэтикалық ерекшеліктері қазіргі ұрпаққа тәлім-тәрбие құралы ретіндегі қызметі жан-жақты талданды. «Жарапазан» мен «беташар» сияқты музыкалық фольклор жанрларында да, батаның атқаратын қызметі анық көрініс тапқан. Әдетте «бата беру» көбінде қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі – «бәйіт» сияқты тақпақталып орындалса, жарапазан мен беташарда бата мәтіндерін әрлеп тұратын музыкалық әуеннің интонациялық, саздық жағынан дами түскенін аңғаруға болады. Бірақ мәтіні бата өлең негізінде құрылып, айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді. Батаны моңғолдар «ерөөл» деп атаған, онда айтылатын формулалы сөздер қазақ батасымен үндес, сарыңдас келеді.

Зерттеуде, Сарыарқа жерін мекендеген байырғы ел мен тәуелсіздік жылдары шетелден көшіп келген қандастарымыздан жазылып алынған жарапазан, беташар, баталарды мақаланың ғылыми талдау бөлігінде салыстырмалы қарастырып, ортақ ерекшеліктері тұжырымдалды. Мақалада берілген жарапазан мен беташар мәтіндері мен бата түрлері Ақмола, Қарағанды өңірлеріне жүргізілген ғылыми-зерттеу экспедиция барысында ел арасынан жазылып алынған тың материалдар ретінде сұрыпталды.

Түйін сөздер: Сарыарқа, рухани құндылық, қазақ фольклоры, алғыс, бата, қазақ, түркі-моңғол.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-170-183>

Түсті: 23.04.2024; Жөнделді: 13.06.2024; Мақұлданды: 13.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Ертеде батаны көптің алдында да, жеке адамға да айтатын болған. Топ алдындағы батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал айтқан, ол жиналған көпшіліктің атынан үй иесіне немесе той, ас иесіне бата берген, сонымен бірге батасын, бір жағынан, сондағы қауымға да арнаған. Ал, жеке жердегі бата нақты бір адамға беріліп, оған игі тілектер, жақсылық айтылған. Мұндай батаны көп жағдайда әкесі баласына берген. Оның мысалын қазақтың эпостық жырлары мен тұрмыс-салт жырларынан көруге болады.

Батада Қыдыр ата, әулие-әнбие, ұлт тұлғаларының аттары қасиеттеліп, олардың өнегелі іс-әрекеті жастарға өсиеттеледі. Қазақтың байырғы ұғымында Қыдыр құрғақ далада, Илияс теңізде қолдайтын пір. Сондықтан көптеген баталар да Қызыр-Илияс аттары қосарланып айтыла береді. Сондай-ақ Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Абай, Жамбыл, Сәкен, Бауыржан, Мәлік Ғабдуллин қатарлы қазақтың тарихи тұлғаларының аттары дастархан басындағы батадан бастап, эпостық жырлар мен терме-толғауларда жиі қосылатыны белгілі. Бата мәтіндері көрініс табатын жарапазан мен беташар да, халық жүрегінен орын алған тарихи тұлғалардың есімі айтылып, солардың өмір жолындағы жақсылықтарын насихаттаумен бірге ұрпаққа өнеге үлгі етеді. Мысалы, ҚХР ШҰАР қоныс аударған қандастардан жазып алған баталар, беташар мен жарапазандарда Таңжарық, Әсет, Құрманбек, Жамалхан секілді ақындардың есімі аталып, батаның өңірлік ерекшелікке ие екендігін, батағой тарапынан сол өлкедегі тұлғаларды дәріптеу арқылы ұрпаққа тәрбие беру көзделгені көрініс табады. Демек, бата мен бата сөзі, тілек, алғыс мақсатындағы айтылатын жарапазан беташар жанрларында музыканың жағымды әсерімен жергілікті тұлғалардың жасампаздық істерін дәріптеу, атын ардақтауға да үлес қоса алатын бағалы құрал қызметін атқаратынын көреміз. Қайраткер тұлғалардың өмір жолы, қайраткерлік күрескерлік істері, абзал қасиеттері жастарға уағыздалып, аманатталады. Бата, беташар, жарапазан сияқты көнеден келе жатқан бұл жанрлар жас буынды әрдайым адал, отаншыл, ізгілік жолында болуға шақырып, түрлі жамандықтардан алшақ, аулақ болуға, жақсылыққа үйір болуға тәлім береді. Батаның тіл кестесінде эпитет, метафора, гипербола, теңеу, антитеза, тұспалдау, ишаралау секілді көркемдеуші құралдар тұрақты қолданылады. Жеті, сегіз, сексен, тоқсан, жүз секілді киелі сандар да баталардың көркемдік бітіміне сән береді.

Әдіснама және зерттеу әдістері

Мақаладағы рухани құндылықтарды ғылыми зерттеуде кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы тарихи-типологиялық және салыстырмалы ғылыми-зерттеу әдістемелері пайдаланылды. Сонымен қатар, далалық этнографиялық экспедиция барысында кең таралған тарихи және зерттеу сипатындағы сұхбат алу әдісінің көмегімен сұхбат берушінің ақпаратын алу және оны тіркеу, құжаттау және архивтеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Беташар – қазақтың келін түсіру салтында айтылатын тұрмыс-салт әні. Беташар домбыра немесе сырнай сияқты аспаптардың сүйемелдеуімен биік сарында басталып, көңілді сергек саздармен төкпелетіп, желдіртіп жеңіл орындалады. Беташарда алғыс, өнеге-өсиетті негіз еткен ұйқасы шымыр 7-8 буынды жыр үлгісінде мәтін болады. Орындалу ерекшелігі негізінен үш бөлімнен тұрады, бірінші бөлімде бет ашушы жігіт, жас келіннің көрік-келбетін айта келіп, оған келген жеріне тез үйреніп кетуін тілеп өнеге-өсиет тілектер айтады. Екіншіден, келген шаңырақтағы ата-енесінен бастап жақын туыстарының бәріне сәлем салғызып өсиет айтады. Үшіншіден жас келіннің айдай келбетін көруге көрімдік сұрайды [1, 12]. Беташар әнінде алғыс, өсиет-өнеге айтылып, жас келінге келген жерінің тектілігі, сол әулеттен өнеге тұтатын тұлғалардың болғанын насихат ете отырып, соған сай келін болуға үндеуі, бата беру салтындағы мақсат тілекпен тікелей үндес ерекшелік. Беташар туралы көптеген зерттеулерде келіннің бетін тек жас жігіттер ашады деп жазылған. Біздің осы зерттеу экспедициямыз кезінде Ақмола облысы Қосшы ауылының тұрғыны (*осы материал жазылған 2021 жылы Қосшы ауылы болатын*) Қытайдан көшіп келген қандасымыз Кәдірхан Қизатұлынан қытайдағы қазақтар арасында айтылатын беташардың үлгісін жазып алдық. Беташарды домбырамен сүйемелдеп, кіші сағада «ми-фа-соль/до» дыбыстарынан көтеріңкі бастап орындап берді. Ән, беташардың ел арасында бұрыннан қалыптасқан көтеріңкі басталатын әуенімен басталып, ары қарай халық арасында кең таралған терме-толғаулардың сарынымен домбыраның орта буынында «си-до-ре\соль»

ноталарда желдірмелетіп айтылып отырады. Кәдірхан Қизатұлы беташарды тек жастар жағы ғана емес, бұрындары жасы үлкен елге белгілі, сыйлы ақындар немесе сол түсіп отырған жас келіннің күйеуінің інілері де (келіннің болашақ қайындары) айтатынын және өнеге-өсиеттен бөлек жарасымды әзіл қосып та айтатыны туралы мәлімет берді. Мысалы, қайындары айтатын болса болашақ жеңгесіне:

Өзің жатып күйеуіңді,
Тұр-тұрлама келіншек.
Қаптың аузы бос тұр деп,

Құрт ұрлама келіншек. – деп бір жағы әзіл, бір жағы жас келінге өзің жатып алып күйеуіңе тұр-тұр демей, ерте тұрып өз міндетіңді атқар, өнеге-үлгі көрсет деген ақыл айтылады. Сондай-ақ бұрын беташарға берілетін көрімдіктің көлемі, беташар мазмұнына байланысты берілетінін, жеңіл-желпі айтылған беташардың бағасы оған берілетін көрімдігінің аздығымен өлшенетін, яғни беташарда ақынның шеберлігі де сыналатын – деп бұрынғы беташар мен қазыргі беташардың арасындағы айтылу ерекшелігіне байланысты үлкен өзгеріске ұшырағаны туралы да Кәдірхан Қизатұлынан жазып алдық. Осы жоба аясында Кәдірхан Қизатұлынан жазылып алынған, беташар мәтінін қысқартып ұсынамыз:

Ей!
Ау қалайық, қалайық,
Сөзге құлақ салайық.
Салтымызды ұмытсақ,
Баршамызға сол айып.
Жарым ырыс, жақсы сөз,
Деген бабам сенсеңіз.
Бала беріп, бала алып,
Бұдан бұрын көрсеңіз.
Бұлжымайтын өмірдің,
Бұл заңына көнсеңіз.
Құдаменен құдағи,
Шын ықылас берсеңіз.
Жас келінді жасытпай,
Бетін ашып алайық.

– деп жас қызын ұзатып алып келіп отырған үлкендерден рұқсат сұрап алынады да ары қарай ата-енесі мен нағашы жұртына, абысын-ажың, қайындарына тегіс сәлем бергізіп, ең соңынан:

Бабамыздың осындай,
жоралғысы бар ия.
Ата-енеңнің көңілі,
Көңілі шалқар дария.
Өркен жайып отауың,
Шаттыққа толсын жанұя.
Сәлем берген келінмен,
Жұбын тапқан мырзаға,
Батаңды бер қария.
Қуанышың құт болсын,
Шаршағаның ұмыт болсын.
Екі балаң мәңгілік,
Қос аққудай жұп болсын.
Бар тілегін жастардың,
Жаратушы құп көрсін.
Аяғынан келіннің,
Осы ауылға құт келсін.

– деп беташардың артына ала үлкендерден бата сұрап, жаратқаннан тілек тілейді. Міне осы беташар мәтінінде айтылған арман-тілек, бата беру дәстүрінің мақсатымен бірдей екенін аңғаруға болады.

Қарап отырғанымыздай беташар музыкалық әуеннің әрлеуімен ойнақы, жеңіл, көңілді айтылуымен ғана, көбінде музыкалық аспаптың сүйемелінсіз айтылатын бата беру дәстүрінен, тек музыкалық интонациялық, ырғақтық жағынан ғана ерекшеленетінін, ал айтар ойы мен мақсаты тілдік ерекшелігі жағынан бір-бірін толықтырып отыратын жанрлар екені анық байқалады.

Жарапазан. Жарапазанды көптеген зерттеулерде қазақ ауыз әдебиетіне ислам дінінің ықпалымен қосылған жанр деп қарастырады [2, 14-15]. Ал кейбір зерттеу еңбектерде жарапазанның ислам дінінен бұрын қазақ даласында кең дамыған жанр екенін айтады. Қалайда жарапазан мазмұнында халыққа, елге береке-бірлік, амандық-саулық тілеу айтылады.

Жарапазан айтылғанда бастапқы бір-екі шумақ тақпақтап (әуенсіз, кіріспе тәрізді) бастап, одан кейін негізгі (шумақ) ой айтылғанда, музыкалық әнге салып қараөлең формасындағы ұйқаспен айтылады, әрбір шумақтан соң, ән қайырмасы сияқты қайырма айтылады. Еңсоңында жарапазанның батасын тақпақтатып (әуенсіз) айтады. Жарапазанның мұндай қараөлең формасындағы (4 жол, 11 буыннан тұратын шумақта) айтылатын үлгісі, әсіресе Шығыс Қазақстан немесе Жетісу жерінде әлі күнге дейін сақталған.

Мысалы, Қытайдағы қандастарда жарапазан айту дәстүрі кең таралған:

Үйің үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Ақсарайдай көрінген,
Қайсы байдың үйі екен.

Адыр-адыр таулардан,
Айғыр мініп біз келдік.
Айғыр басы бойбермей,

Осы үйге кез келдік. – деп жарапазаншылар келген үйдің иесін, әулеті мен дәулетін асыра мақтау-мадақтаулармен бәйіт айту формасында тақпақтап айта жөнеледі де, ары қарай қараөлең ұйқасында айтылатын негізгі ойға көшеді:

Ассалаумағаликум ақтан келдік,
Ай туып, күні шыққан жақтан келдік.
Айтты деп жарапазан сөге көрме,
Пайғамбар жолын қуған адам едік.

Ақ үйің айға қарап шатыр болсын,
Ұл мен қызың жиналып батыр болсын.
Күтпеген құдай жолын мұсылмандар,
Тартады қиыншылық, бақыл болсын.

Қайырмасы:

Бай-Мұхаммед үмбетіңе жарапазан,

Оразаң қабыл болсын ұстаған жан [3, 386-397]. – деп музыкалық әуендік, интонациялық жағынан қарапайым 4 жолды, 11 буынды қараөлеңдердің формасында, қайырмасымен әндете орындалады.

Көп жағдайда үй иесі жарапазаншыларға жарапазан айтып жатқанда немесе айтып болғанда түрлі дәм, сыйлықтар береді. Осыдан кейін жарапазаншылар сол үйге немесе үй иесіне арнайы жарапазанның батасын береді.

Мысалы:

Ауылыңның қонғаны,
Жылға-жылға сай болсын.
Балалардың мінгені,
Жорға-жүйрік тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың көңілі жай болсын.
Менің атым Сары бай,
Сақалыма сары май.
Таң мезгілі болғанда,
Бөденедей пырылдап,
Бозторғайдай шырылдап,
Адам таппас сөзді бол,
Ор қояндай көзді бол.
Бәйтеректей бөрлі бол,
Пайғамбардай нұрлы бол.

Аллаһуәкбар! – деп бата беріп жарапазанның толық нұсқасы айтылып болады.

Жарапазан жыры қараөлең жанры сияқты формасы қарапайым, музыкалық әуендік, интонациялық жағынан жеңіл орындалады. Жарапазанның «Бата» беру дәстүрімен ортақтығы, жоғарыда көріп отырғандарыңыздай, соңында бата сөзі яғни алғыс, тілек айтылады. Жарапазан құрылымы – тақпақ формасында басталып, шағын диапазондағы қарапайым музыкалық әуенмен әрленіп, қараөлең формасындағы екі жолдан тұратын шағын қайырма айтылады және соңында әуенсіз тақпақталып айтылатын бата сөзінен тұрады. Жарапазанның жалпы мәтінінде негізінен бата, тілек тілеу айтылады деуге болады. Үй иесіне Алладан жақсылық, ізгілік, бақ-береке тілейді. Осыдан беташар мен жарапазан, бата беру салтының негізгі мақсаты мен атқаратын қызметі ортақ екендігін айқын көруге болады. Сондықтан Беташар мен жарапазан, «бата беру» дәстүрі орындалу және мәтіндік ерекшелігі жағынан жанрішілік бір-бірін толықтырып отыратын ортақтығы бар фольклорлық-музыкалық жанрлар.

Бата – бата түрік-моңғол халықтарының баршасының фольклорында кездесетін байырғы жанрлардың бірі болумен бірге бүгінгі ұрпаққа кідіріссіз ұласып, қазіргі заманға бейімделе алған аса өміршең жанр деуге негіз бар. Бата сөзі көрініс тапқан беташар болса, арғы замандардан келе жатқан қыз ұзату салтында айтылатын ғұрыптық әндерінің бірі.

Батаны Сібірді мекендеген түрік халықтары негізінен алғыс, алкыш деп ортақ тұлғада атаған, ол халықтардағы алғыс мәтіндерін тексергенде арбау, бақсы сарыны, жалбарыну, қалау, тілек секілді көптеген жанрлар бас қосып, ара-жігі ашылмай тұрғаны байқалады [4, 63], [5, 167]. Мұндай кең мағына да көп салалы қызмет атқаратын алғыс қазақта жоқ, себебі ислам діні келген соң көне түркілік алғыстың аясы шектеліп, сонымен бірге жанрішілік ыдыраулар орын алып, көне алғыс енді бата деген атаумен жеке дара өмір сүруге қадам басқан.

Қысқасы, қазақтағы «алғыс» сөзі ризашылық, рақметке қатысты айтылатын болған, оның орнын мұсылмандық салтпен қабысқан бата толық алмастырған.

Бата деген атау – Құранның бірінші сүресі «Фатихадан» туындаған [6, 5], оңтүстіктегі және Өзбекстан Қызылқұм қазақтарының кейбір шоғыры батаны «бәтиха» «бәтиа», «бәте немесе пәте» деп те атайды, бұл мысалдардан қазіргі бата сөзінің қалыптасу сатысын аңғаруға болады. Мұны экспедицияда жазып алған баталардың мәтінінен де көруге мүмкіндік бар:

Осы отырған жастарға,
Адал көңіл ықыласпен.
Фәтиха беру керек-ті.
Олай болса қарағым,
Кел фәтиха берейін [7, 96-97].

Бұл сөз орамдары байырғы баталарда көрініс тапқан:

Менің берген фатихам,
Жаман қатынды алмаңыз деп,
Өтінемін, асылан [8, 22].
Аллаң жар болсын,
Фатихам қабыл болсын [9, 34].

Бата – магиялық ғұрыптық фольклордың аса байырғы үлгісі. Түп тамыры көне танымға табан тіреп тұрғандықтан оның арбаумен, тіпті, қарғыспен жанасатын тұстары бар. Халық қарғысты теріс бата деп атаған. Ақ батамен адамды ізгі ниетке алқаса, теріс батамен қатерлі жамандық шақырылып, кісінің жолын байлау, қырсыққа ұшырату амалы көзделген. Сол себептен қазақтар «алғыстың арты ақ май, қарғыстың арты қара қан» деген. Бұл сөз орамы моңғолдарда да кездеседі.

Батаны моңғолдар «ерөөл», қалмақтар «йөрөл», буряттар «юрөөл» деп атаған, ол сөздің төркіні «ёр», «яруу» деген ұғымды білдірген, яғни ол сөз ескі моңғолша «иругэр, иру-а, ирагу» деп жазылған [10, 103].

«Ёр» деген сөз ырым дегенді білдіреді, яғни ерөөл сөзінің төркіні «ырым», «ырық», «жыр» деген түркілік тамырмен туыстас деуге негіз бар. Сонымен бірге моңғолдар қарғысты «хараал» деген, бұл сөздің төркіні «қара, қаралау» деген мағына беретіндіктен қазақтағы қарғыспен тектес.

Экспедициялық сапарда жиналған баталар да біз айтып өткен дәстүрлі сарындар, дағдылы қолданыстар молынан кездеседі. Қазіргі баталардың да әу бастағы өзегінен ажырамай, көркемдік бояуы әлсіремей бүгінге жетіп отырғаны байқалады. Бұл қазіргі батагөйлер батаны кітап арқылы, сонымен бірге үлкен қариялардан есту арқылы да үққанын білдіреді.

Біздің Ақмола өңірінде жүргізілген зерттеуіміз барысында, фольклорлық мұраларымыздың ішінде ежелгі көне наным-сенімге қатысты «бата беру» дәстүрі ел арасында жақсы сақталып, ұстанушы мұрагерлерінің көптігі мен халықтың күнделікті тұрмысында жиі қолданыста болуына байланысты жас ұрпаққа жалғастығын тапқаны дәйектелді. «Бата беру» дәстүрін тақырыптық жағынан молайтып, дамытып жас ұрпаққа үлгі көрсетіп отырған ақсақалдар Ақмола облысының көптеген елді-мекендерінен кездесті. Мысалы, Ақмола облысы Зеренді ауданы Қызылсая ауылының жергілікті тұрғыны Ендіөлмес Қарерұлы, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы Сабынды ауылының жергілікті тұрғындары Бөлеген Мұхамедияұлы мен Орынбек Бейсембекұлы, Ақмола облысы Целиноград ауданы Жаңаесіл ауылына Монғолиядан көшіп келіп қоныс тепкен Мекебай Кәкенұлы, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылына Монғолиядан көшіп келген Тайф Тәукейұлы қатарлы кісілер – «бата беру» дәстүрін ұрпаққа жалғап отырған мұрагерлер.

Ақмола жерінен жазылып алынған баталардың сөздерінде де, құран сөздері және халық арасында есімі кеңінен танылған тарихи тұлғалардың, әулие-әмбиелердің есімі аталатын мынадай баталар кездеседі:

Мысалы, Зеренді ауданы Қызылсая ауылының тұрғыны, батагөй Ендіөлмес Қарерұлының (Зерендінің байырғы тұрғыны) жастарға берген батасында жоғарыдағы қағидаттар бар:

Әмин деп қолыңды жай,
Көтеріп көкке білекті.
Ақ ниетпен сұрасаң,
Алла берер тілекті.
Қасиетті сөздерден,
Ауызға алып көрейін.
Жамбыл сынды жүз жасап,

Ұзақ болсын ғұмырың.
Әль-Фараби, Науаидай,
Ұзақ болсын ғылымың.
Үздік сөздің ұстасы,
Абай сынды дана бол.
Бармағынан күй тамған,
Динадайын ана бол.

Ақан сері, Біржандай,
Атың қалсын артыңа.
Амангелді, Мәліктей,
Қолбасшы бол халқыңа.
Қазақтың басын құраған,
Жәнібектей көсем бол.
Қызыл тілді безеген,
Қазыбектей шешен бол.
Отырсың ғой ылғи жас,
Жас жүректі қуантып.
Өмірдің ұзақ көшіне,
Аттаныңдар жырлатып.
Махаббат жібі нәзік жіп,
Үзіп алмай септеңдер.
Көңіл-күйге қолайсыз,

Ағаттық іс етпеңдер.
Ата-анаңды құрметтеп,
Қызмет ет халқыңа.
Ескертейін енді бір,
Оқытты, өсірді.
Ата менен анаңыз.
Арқасында солардың,
Жеткен шығар санаңыз.
Әлі де болса осы екен,
Асқар таудай панаңыз.
Ана жолы қиын жол,
Ана сүтін ақтаңыз.
Адамгершілік қасиетті,
Мәңгі есте сақтаңыз [7, 96-97].

Батағөй көпшіліктің атынан Аллаға, пайғамбарға, періштеге, әулие-әмбиелерге сыйынумен қатар, Қыдыр ата, Қамбар ата, Шопан ата, Шек-Шек ата т.б. сияқты көптеген киелі бейнелерге сөзін арнап, бата сұраушыға тілек білдіреді. Өз зерттеуімізде осындай сипаттағы баталарды да жазып алдық. Мысалы, Монғолиядан көшіп келген Целиноград ауданы Жаңаесіл ауылының тұрғыны Мекебай Кәкенұлының жастарға берген батасынан көрініс табады:

Әмин десең маған,
Бата берейін саған.
Күрпілдесін сабаң,
Арта берсін бағаң.
Бүкіл дәулетті бабаңның,
Малын берсін саған.
Әуелі құдайым оңдасын,
Онан соң Қыдыр қолдасын.
Тоқсан інген боталап,
Тоғыз келін қомдасын.
Ұлың он шақты болсын,
Қызың моншақты болсын.
Қазаның қаспақты болсын,
Сиырың баспақты болсын.
Ей, Алла!
Барымен сақта,
Әйелді жарымен сақта.
Биені тайымен сақта,
Әр затты жұбымен сақта.
Өзіндік құнымен сақта,
Жақсылық жағы торласын.
Жаманшылық бермесін,
Беделің тасып өрлесін.
Адал болсын алғаның,
Балды болсын бармағың.
Өссін бедел салмағың,
Аман болсын мал-жаның.
Көбейсін жегжат сүйегің,
Қажымасын жігерің.

Ал тыңда ботам,
Ендігі айтар тілегім.
Маң-маң басқан, маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Алдыңғы өркешін шом басқан,
Артқы өркешін қом басқан.
Дәреті бар тамшыдай,
Құйрығы бар қамшыдай.
Төрт бұты бар сырықтай,
Мойыны бар құрықтай.
Ойсыла қара иесі,
Түйе толсын үйіңе.
Шіңгір-шіңгір кісінескен,
Тезектерін искелескен.
Алыста жүрсе табысқан,
Жақында жүрсе қауышқан.
Қамбар ата иесі,
Жылқы толсын үйіңе.
Тоғай-тоғай тоқтаған,
Тілімен орып оттаған.
Біреуі өлсе өкіріп,
Бәрі бірдей жоқтаған.
Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай.
Бақайы бар шыртылдақ,
Мүйізі бар жылтылдақ.
Зәңгі баба иесі,
Сиыр толсын үйіңе.
Құр ойнаса жабылған,

Пір ойнаса табылған.
Базарға салсақ пұл болған,
Қырқып алсақ жүн болған.
Шопан ата иесі,
Қойлар толсын үйіңе.
Жайлауға шықса өреген,
Қасқыр шапса көреген.
Таудан тасты құлатқан,
Малшыларын жылатқан.
Терісі бұтқа қап болған,

Мүйізі пышаққа сап болған.
Шек-шек ата иесі,
Ешкі толсын үйіңе.
Алдымен бердің қымыз,
Биеніз болсын семіз.
Одан кейін бергендерің ет,
Армандарыңа жет.
Соңында бергендерің сорпа,
Дәулеттеріңіз түспесін орта [7, 97-99].

Қазақтың салт-дәстүрінде, әсіресе дастарқан мәдениетінде бата берудің мәні жоғары. Қазақта бата берудің мол үлгісі қалыптасқан. Қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, әрбір салт-жоралардан бастап, әдеттегі дастарқан басында батасыз еш рәсім өткізілмейді. Мысалы, дастарқанға, сойылатын малға, торқалы тойға, топырақты өлімге т.б. жақсылықтың бастауы тек батамен басталады. Батаны көбінде елге халыққа сөзі өтімді жасы үлкен ақсақалдар жағы береді, оны «Жақсылықтың тілек батасы» деп атайды. Батаның қазақ қоғамындағы ролі, маңызы туралы зерттеу еңбектерде де мол айтылған [11, 87].

Нәтижелер

Ал біз зерттеу нысанымызға алып отырған бата аса өміршең жанр екені экспедициялық зерттеулерде айқындалып отыр. Мұның басты себебі батаның – тәлім-тәрбиелік құрал ретіндегі міндеті, оның қазақтың тұрмыс-тіршілігіндегі салт-рәсімдерімен өзектес, қанаттас болып кеткен ритуалдық-практикалық қызметінде. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жерге бірге кірер денең» деп ұлы ақын А.Құнанбаев жырлағандай бата сөз өлеңі қазақ баласының өмірге келуінен бастап бүкіл өмір өткелектеріңде бірлікте болып, о дүниеден озып асын бергенге дейінгі шеңберде мүлтіксіз айтылатын, халықтың арман-мұратын асқақтатып, қайрат-жігерін шыңдайтын, ата салттың ажарын ашып, дуалы сөзбен ғұрыптарды кілттеп бекітетін аса құнды құрал деуге негіз бар. Сол себептен де оның тақырыптары «Сәби өмірге келгенде», «Бөбекті бесікке салғанда», «Ұл үйленгенде», «Келін түскенде», «Құдалық рәсімінде», «Отау көтергенде», «Жастар оқуға түскенде» тсс өмір-тіршілікте орын алатын әрбір елеулі оқиғалармен сабақтас болып келеді. Жас ұрпаққа тәрбиелік мәні зор баталар, Ақмола облысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымызда көзі тірі батагөйлерден өз аузынан жинақталды. Жас ұрпаққа жалғасын табуы үшін батагөйлердің тікелей айтып беруінде жазылып алынған бірнеше батасын мақалада толығымен ұсынуды жөн көрдік.

Тәуелсіздік жылдарында ҚХР-дан қоныс аударған, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының тұрғыны Баянбай Мәлікұлының, әз Наурызға деп айтып берген батасы:

Самарқанның көктасы жібіген,
Күнменен түн теңелген.
Халық кеңшілікке кенелген,
Ұлыстың ұлы күні.
Өз Наурыз құтты болсын.
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Наурызда ел көңілі шалқысын,
Күн нұрына балқысын.
Ұл-қыздарымыз тік тұрып,
Қызмет етсін халқы үшін.
Қара жерге шаншылып,

Орман болсын тал-шыбық,
Егін-жайлар жайқалсын,
Ақ жауынға малшынып.
Бозінгенде боздасын,
Қой егізден қоздасын.
Жұмырбасты пенделер,
Ойламасын өз басын.
Өріске малы сыймасын,
Сиыр уыз сыйласын.
Көршілері ет асып,
Бірін-бірі сыйласын.
Құрбыменен құрдасы,

Көжеменен бәстесіп,
Бірін-бірі қинасын.
Қылқұйрықты өсіріп,
Құлын шапсын көсіліп.
Жылқышылар құрық сап,
Жүйріктерін сынасын.
Көкпаршылар мен балуандар,
Өнерлерін байқасын.
Құлақ жейік бас кесіп,
Көже ішейік бәстесіп.
Батасын берсін кәріңіз,
Құт-береке наурыз,
Кел, тойлайық бәріміз.

Сүндет тойға бата

Ар-намысшыл бала бол,
Өнеріңмен дана бол.
Аңқылдаған ақ пейіл,
Дархан ойлы дана бол.
Періште сақтап пәледен,
Жолыңды Алла ақ етсін.
Ақ тілек тілеп Алладан,
Зор үміт күттік баладан.
Өршіл болсын өнерге,
Ақ сұңқардай самғайтын.
Талапты болсын білімге,
Қанаттары талмайтын.
Еңбекшіл болсын балаңыз,
Ел үмітін ақтайтын.
Ибалы болсын салт сақтар,

Халқы алқап мақтайтын.
Азамат болсын ардақты,
Жамандыққа бармайтын.
Мақтаныш болсын еліне,
Қатарынан қалмайтын.
Өркен жайып гүл ашсын,
Өмірге мынау ұнасын.
Білімге ғана құмар боп,
Өнерге жайсын құлашын.
Ата жолын ардақтап,
Жамандықты ар санап.
Ана сүтін ақтайтын,
Ел үмітін арқалап.
Халық қамын ойлайтын,
Осындай болсын азамат.
Зерделі де өнерлі,
Болсын мәңгі ақжолтай.
Игеріп білім бұлағын,
Қиырды шалсын қиялың.
Кеңесте болсын құлағың,
Ұлы сөзге ұста бол,
Қысыр сөзге қысқа бол.
Сөз бастайтын шешен бол,
Ел бастайтын көсем бол.
Таңжарық, Әсет, Жамалхан,
Құрманбектей ақын бол.
Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай,
Жәнібектей батыр бол.
Жамбылдың жасын берсін,
Абайдың басын берсін.
Бұл өмірде сүрінбе,
Күңдей жайнап күлімде [7, 100-103].

Батаның таралуына, жаңғырып жаңа бояумен әрлене түсуіне бірден бір үлес қосушы батагөй тұлғасы. Қазір республикамыздың әрбір аулында өзінің батагөйі, бір сөзбен айтқанда батаның мұрагерлері бар екені анық. Экспедицияда ондай тұлғалармен байланыс жасалып, тізімі алынды. Елімізде өтетін түрлі деңгейдегі батагөйлер сайысы, балабақша, мектептегі «батагөй бала» байқаулары да бата жанрының жаңғыруына ерекше ықпал еткенін, мұндай бағыттағы сан салалы шаруалар үздіксіз атқарылуы қажет екендігі айқындала түсті. Өйткені, ақ бата – асыл сөздің маржаны, сонымен бірге жасөспірімдердің ана тілін ардақтап, тілін ұстартуына, шешендік өнерге баулуына таптырмас құнды құрал. Бата беру дәстүрін атадан-балаға жалғап отырған батагөй Монғолиядан көшіп келген Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының тұрғыны Тайф Тәукейұлының айтып берген батасы [7, 103-104]:

Әмин десең, міне, бата,
Қонақтасын Қыдыр ата.
Қыдырың қияласын,
Бақтың ұяласын.
Кең пейіл берсін,
Кетпес ырыс берсін.
Денге саулық берсін,

Басқа амандық берсін.
Отбасына тыныштық берсін,
Қазаға сабырлық берсін.
Мың бір атты пәледен,
Жүз бір атты қатерден сақтасын.
Тілдің тілінен,
Көздің көзінен сақтасын,

Дауасыз келген дертінен сақтасын.
Азулы келген дұшпанның
сертінен сақтасын.
Құйрығын сүйреткен бөріден сақтасын,
Құрығын сүйреткен ұрыдан сақтасын.
Тасқа тамыр біткенше,
Таршылықты бермесін.
Мұзға бидай біткенше,
Мұңшылықты бермесін.
Ай жағыңа қарасаң,
Алтыннан тұғыр орынасын.
Айына келген мейманың,
Оған атын байласың.
Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен тұғыр орынасын.
Күніне келген қонағың,

Оған атын байласың.
Көңілдес достар биікте болсын,
Көре алмаған дұшпаның күйікте болсын.
Алла тағалам!
Болашақ ұрпағымызға бақ берсін,
Бақ берсе ақ берсін.
Ақ берсе нақ берсін,
Көтеретіндей қылып шақ берсін.
Қыстай берсін,
Қыстай берсе қыспай берсін.
Жаздай берсін,
Жаздай берсе жазбай берсін.
Күздей берсін,
Күздей берсе үзбей берсін.
Не берсе де қайырымен берсін.

Монғолиядан қоныс аударған, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылының тұрғыны шежіреші, батагөй Кәден Сырдыханұлы айтып берген батасы дағдылы шумақтардан құралып, ежелгі батаның үлгісі бүгінге дейін өзгеріске ұшырамай жеткендігін көрсетеді:

Әмин десең маған,
Бата берейін саған.
Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа.
Құдай сені оңдасың,
Періштелер қолдасын.
Біреудің жолы олай,
Біреудің жолы былай.
Бәрімізді сақтасың,
Айналайын бір Құдай.
Иә, Құдайым оңдасың,
Қызыр ата қолдасын.
Тауда қалған тулағың,
Домалап келіп тай болсын.
Жұртта қалған жұрнағың,
Домалап келіп қой болсын.

Балалардың мінгені,
Жорға жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың ауылы жай болсын.
Ата бабаның аруағы,
Қолдап жүрсін, қоршап жүрсін.
Адасса жолға салып жүрсін,
Бәле келсе қағып жүрсін.
Бала шағаңа ұзақ ғұмыр жас берсін,
Мал мен бас берсін.
Дәм берсін, дәулет берсін, ақыл берсін,
Таудай талап берсін.
Бармақтай бақ берсін,
Тарбағатай, Маңырақ.
Күнің шықсын жадырап,
Қойың келсін жамырап.
Пәле –жаладан аман боп,
Шайқалмасын шаңырақ [7, 104-105].

Қорытынды

Ел ішіне жүргізілген зерттеулеріміз кезінде фольклордың көптеген жанрлары жойылып, қолданыстан шығып қалғандығы байқалып отыр һәм бұл ахуал мамандарды алаңдатады. Бұл қазақ халқының материалдық емес рухани мұрасының құндылықтарын уақыт кешіктірмей шұғыл қорғауға алмаса, оның мұрагерлерін тізімге алып, дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етпесе, мәдени қазынамыз кем-кетікке ұшырап, ортая беретіні туралы дабыл көтеруге мәжбүрлік туғызды. Сол себептен де, рухани мұраны қорғау туралы арнайы заң қажет екенін айтып, ҚР Парламент мәжілісінің депутаттары үкімет назарына депутаттық сауалнама жолдап дабыл қақты [12], 2024 жылғы Ұлттық құрылтайда да өте маңызды мәселе ретінде көтерілді [13]. Демек, біз зерттеп отырған

тақырыптың аса өзекті екендігі осыдан-ақ анық байқалады деуге болады. Айталық, соңғы кездегі экспедицияларда Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан қазақтары арасынан ертеқазан жанрын айтатын ешқандай информатор кездеспеді. Әлбетте, бұл жанрды экрандық өнімдер мультфильмдер мен түрлі бағыттағы кино туындылар алмастырған, ығыстырып тастаған деп қорытынды жасауға болады. Сол себептен де бата секілді байырғы жанрды сақтау, қорғау, дәріштеу, бүгінгі ұрпаққа ұластыру мәселесі ғылыми тұрғыдан зерделене түскені абзал.

Экспедицияда бата мен беташар және жарапазанның бүгінгі күнге ұласқан аса өміршең, жастарға тәлім-тәрбие беруге бағытталған бірегей жанрлар екені байқалды. Ежелгі заманда әрбір ұлы істі бастағанда ел жақсылары көкқасқа бие сойып, қанына бармағын, кейде найзасының ұшын батырып, кейін келе ақсақалдар «бисмилла» айтып, алқалы қауымға ақ бата беріп, баталасатын болған. Мысалы, жауға аттанарда, рулы екі ел құдаласарда, жастар неке қиып үйленгенде ақ бата, беташар рәсімі жасалып, жиналған халық ұлы оқиғаға куәгер болып, салт заңдық күшіне ие болған. Баталасқан тараптар уәдеге, сертке болаттай берік болған. Қасиетті оразада жарапазан үнемі айтылса, қыз ұзатып, келін алғанда беташарсыз ешбір кәде жасалмаған. Сол себептен де қоғамда тәртіп, адалдық, береке-бірлік орнап, бата заңдық күш-қуатқа ие болған. Қазіргі жаһандану заманында ұрпақты тәлімгерлік құндылықтармен сусындатуға, ұлттық бет-бейне, салт-санамызды сақтауға, өнегелі өріс сыйлауға ақ бата, беташар мен жарапазанның аса қажеттігі, ұлттық ғұрпымыздың қоғамда жалғастығы бар екендігі зерттеу арқылы дәйектелді.

Бата, жарапазан, беташар жанрларымен қоса, жалпы халық мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңірудің маңыздылығы мен оны насихаттау жолдарын табудың өзектілігін, ғалымдар да ғылыми және практикалық тұрғыдан қарастырып отыр [14].

Бата, беташар мен жарапазан жанрлары рухани мұра ретінде қорғауға алынып, оны жас буынға жеткізушілері да арнайы тізімге алынуы қажет, елімізде балабақшадан бастап түрлі деңгейде осы жанрлар бойынша байқаулар өткізіліп, өркениет талаптарына сай дәріштелуі керек. Сонда ғана ана тіліміздің ажары, шешендік өнердің кілті болып келген, жастарды ізгілік пен жақсылыққа, бауырмалдық пен жасампаздыққа шақырушы байырғы осы жанрлар жалғастығын табатын болады.

Мүдделер қақтығысы және қаржыландыру көзі

Мақала 2022-2024 жылдарға арналған ҚР ҒжЖБМ грантымен қаржыландырылатын АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

М.Ардаби мақаланың негізгі материалдарын жинау, сұрыптау, жүйелеу жұмыстарын, ғылыми талқылау, жүйелеу жұмыстарын жүргізді. А.Тойшанұлы мақаланың ғылыми рәсімделуі мен материалдардың ғылыми жүйелеу жұмыстарын жүргізді. А. Алимбаев мақаланың талапқа сай рәсімделуін және талқылау, мақаланың міндеті мен нәтижелердің шынайылығы дәрежесін тексеру, толықтыру жұмыстарын жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ музыкасы. Көне музыкалық фольклор. Антология. Бестомдық. I-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 516 б.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. т. 79: Моңғолиядағы қазақ фольклоры. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.
3. Қинаятұлы Д. Мұра. 30 жылдан таңдамалылар (1982-2012). Қазақ салт-дәстүрі туралы байымдаулар мен зерттеулер. – Шыңжаң: Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы, 2012. – 672 б.

4. Каташ С. С. Алкыш сос (благопожелание) древний жанр алтайского фольклора // Улагашевские чтения. – Горно-Алтайск: 1979. С. 63-76.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2008. – 812 б.
6. Ақ бата: Бата сөздер / Құраст. С. Негимов, Т. Қазіулы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 208 б.
7. Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том. – Астана: 2022. – 600 б. – қазақ, орыс, ағылшын.
8. Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности / XII молитвенных благожеланий «Бата-Соз». – Оренбург: Типо-литография Тург. Обл. правления, 1905. – 22 с.
9. Бата-тілектер (жинақ) / құраст. Н. Уәлиұлы. – Алматы: Арыс, 2005. – 88 б.
10. Гаадамба Ш., Х. Сампилдэндэв. Монгол ардын аман зохиол. – Улаанбаатар: 1988. – 365 х.
11. Асылұлы О. Қазақтың ғұрып-әдет мәдениеті. – Шыңжаң: Әсемөнер-фотосурет баспасы, 2009. – 302 б.
12. Мәжілістің жалпы отырысы / Пленарное заседание Мажиліса 13.03.2024 [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: https://www.youtube.com/live/2meU09Lgsxg?si=OEA-9E84VeN_gak1 (қаралған күні: 24.03.2024).
13. Ұлттық құрылтай | Сұхбат | Jstudio [Электрон. ресурс] – 2024. – URL: <https://youtu.be/d1kFc4I680s?si=8K71GinsZINnhvuA> (қаралған күні: 24.03.2024).
14. Балтымова М.Р. Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4/2021. – 161-169-беттер. – URL: DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-161-169>

А. Маулет¹, А. Тойшанұлы², А. Алимбаев^{*3}

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Международная Тюркская академия, Астана, Казахстан

³Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Қусаинова, Астана, Казахстан

Общие черты обряда благословения в некоторых фольклорно-музыкальных жанрах

Аннотация. В исследовании определяется, что текстовые и исполнительские (воспроизведение) особенности традиции «бата беру» находят общие черты в некоторых фольклорно-музыкальных жанрах, таких, как «беташар» и «жарапазан». Происхождение этих жанров, уходящее корнями в древнетюркскую эпоху и дошедших до наших дней, стадии их формирования, поэтические особенности, жизненная значимость и многообразие функций как инструмента воспитания для нынешнего поколения анализируются всесторонне. В музыкальных фольклорных жанрах, таких, как «жарапазан» и «беташар», также четко прослеживается роль бата. Обычно «бата беру» исполняется в виде двухстрочного стихотворения с парной рифмой, похожего на «байыт», тогда, как в жарапазане и беташаре можно заметить интонационное и ладовое развитие музыкальной мелодии, украшающей тексты бата. Однако текст построен на основе стихов бата, и выражаемая мысль максимально лаконична. У монголов благословение называлось «ерөөл», и используемые в нем шаблонные слова аналогичны казахскому благословению.

В научно-аналитической части статьи рассматриваются жарапазан, беташар и бата, документированные у местного населения и у соплеменников (кандасов), переселившихся в Сарыарку из-за рубежа в период независимости. В научном анализе статьи обобщены их общие особенности. Данные о текстах жарапазан и беташар, а также о видах бата, представленные в статье, были отобраны в ходе научно-исследовательских экспедиций в Акмолинской и Карагандинской областях, в рамках которых были собраны новые материалы из устного народного творчества.

Ключевые слова: Акмолинская область, Сарыарка, культурное наследие, казахский фольклор, благодарность, бата, тюрко-монгольские народы.

A. Maulet¹, A. Toishanuly², A. Alimbayev³

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan*

³*A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan*

Common features of the blessing ceremony in some folklore and musical genres

Abstract. Study determines that the textual and performing features of bata tradition find common features in folklore and musical genres, such as betashar and zharapazan. These genres origin rooted in the ancient Turkic era and reached us, their formation stages, poetic features, vital importance and variety of functions as an educational tool for the current generation are analyzed. In musical folklore genres “zharapazan” and “betashar”, bata role is traced. “Bata beru” is performed in the form of two-line poem with paired rhyme, similar to “bayt”, whereas in zharapazan and betashar one can notice intonation and mode development of musical melody that adorns bata text. Text is based on bata poems and expressed thought is concise. Mongols called blessing “yerool” and template words used in it, are similar to Kazakh blessing.

Scientific and analytical part of article examines zharapazan, betashar and bata, documented from local population and tribesmen (Kandas) who migrated to Saryarka from abroad during independence period. Scientific analysis of article summarizes their common features. Data on the texts of zharapazan and betashar, also on bata types presented in the article, were selected during research expeditions in Akmola and Karaganda regions, within which new materials from oral folk art were collected.

Keywords: Akmola region, Saryarka, cultural heritage, Kazakh folklore, gratitude, bata, Turkic-Mongolian peoples.

References

1. Kazak muzykasy. Kone muzykalyk folklor. Antologija Bestomdyk. Kazakh music [Vintage musical folklore. The Anthology Is Bestomic]. Vol. I. (Kazakparat, Almaty, 2005, 516 p.). [In Kazakh]
2. Babalar sozi: Zhuz tomdyk. T. 79: Mongolijadagy kazak fol'klory [The word of ancestors: one hundred volumes. Vol. 79: Kazakh folklore in Mongolia] (Foliant, Astana, 2011, 416 p.). [In Kazakh]
3. Kynayatuly D. Mura. 30 zhyldan tandamalyar (1982-2012) [Heritage. Selected from 30 years (1982-2012)], Kazak salt-dasturi turaly bajym-daular men zertteuler [Enrichment and research on Kazakh traditions] (Xinjiang, Xinjiang art-photography publishing house, 2012, 672 p.). [In Kazakh]
4. Katash S. S. Alkysh sos (blagopozhelanie) drevnij zhanr altajskogo fol'klora [Alkysh sos (benevolence) is an ancient genre of Altai folklore], Ulagashevskie chtenija [Ulagashev readings] (Gorno-Altaysk, 1979, P. 63-76). [in Kazakh]
5. Kazak adebietinin tarihy [History of Kazakh literature]. In ten volumes. Vol 1 (KAZakparat, Almaty 2008, 812 p.). [in Kazakh]
6. Ak bata: Bata sozder [White blessing: blessing words] Comp. Negimov S., T. Kazievich (Zhazushy, Almaty, 1992, 208 б.). [in Kazakh]
7. Maulet A. Akmola oblysynyn materialdyk emes madeni murasy: keshendi jekspedicijalyk zertteuler [Intangible cultural heritage of Akmola region: comprehensive Expeditionary research]. Vol. 1 (Astana, 2022, 600 p.). [in Kazakh]
8. Vasiliev A.V. Obrazcy kirgizskoj narodnoj slovesnosti. XII molitvennyh blagozhelanij «Bata-Soz» [Samples of Kyrgyz folk literature. XII prayerful benevolence "Bata-Soz"] (Typo-lithography of the Turg. regional board, Orenburg, 1905, 22 p.). [in Russian]
9. Bata-tilekter (zhinak) [Blessing-Wishes (collection)]. Comp. N. Ualievich (Arys, Almaty, 2005, 88 p.). [in Kazakh]
10. Gadamba Sh., Sampledende X. Mongol ardyn aman zohiol [Mongolian folklore] (Ulaanbaatar, 1988, 365 p.). [In Mongolian]
11. Asyluly O. Kazaktyn guryy-adet madenieti [Kazakh Customs and customs culture] (Art-photography publishing house, Xinjiang, 2009, 302 p.). [in Kazakh]

12. Mazhilistin zhalpy otyrasy [Plenary Session of the Mazhilis], Plenarnoe zasedanie Mazhilisa 13.03.2024 [Plenary session of the Mazhilis 13.03.2024] [Electronic resource] – 2024. Available at: https://www.youtube.com/live/2meU09Lgsxg?si=OEA-9E84VeN_gak1 (Accessed: 24.03.2024). [in Kazakh]

13. Ulttyk kuryltaj. Suhbat [National kuryltaj. Interview kuryltaj], Jjstudio [Electronic resource] – 2024. Available at: <https://youtu.be/d1kFc4I680s?si=8K71GinsZINnhvuA> (Accessed: 24.03.2024). [in Kazakh]

14. Baltymova M.R. Balalarga arналған fol'klorlyk shygarmalardy igertu zholdary [Ways to master folklore works for children], L.N. Gumilev atyndary EEU Habarshysy. Filologija serijasy [Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Philology series], 4, 161-169 (2021). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Маулет А. – PhD, постдокторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-7625-0407.

Тойшанұлы А. – филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық Түркі академиясы, Астана, Қазақстан. ORCID: 0009-0003-5326-7390.

Алимбаев А. – хат-хабар үшін автор, PhD, доцент, А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-1717-7374.

Маулет А. – PhD, постдокторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0002-7625-0407.

Тойшанұлы А. – кандидат филологических наук, Международная Тюркская академия, Астана, Казахстан. ORCID: 0009-0003-5326-7390.

Алимбаев А. – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0003-1717-7374.

Maulet A. – PhD, postdoctoral fellow, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-7625-0407.

Toishanuly A. – Candidate of Philology, International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0009-0003-5326-7390

Alimbayev A. – corresponding author, PhD, Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-1717-7374.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).